

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

После признания убытка от обесценения необходимо изменить норму амортизации актива, привести ее в соответствие с новой балансовой стоимостью с тем, чтобы погасить ее в течение предусмотренного амортизационного срока, а сумма ликвидационной стоимости, если она была определена в начале амортизационного срока данного актива, не пересматривается. Таким образом, риски, влияющие на предпринимательскую деятельность, могут привести как к убыткам, так и к прибылям компании, поэтому при составлении финансовой отчетности необходимо учитывать влияние внешних и внутренних факторов на активы. Данные факторы учитываются при оценке приемлемой величины аудиторского риска в ходе планирования проверки операций с оценочными резервами. Методика определения влияния факторов позволяет выявить, что с учетом влияния на обесценение активов внешних и внутренних факторов приемлемая величина аудиторского риска увеличивается, что, в свою очередь, может привести к сокращению количества аудиторских процедур в ходе проверки и тем самым уменьшению ее стоимости.

#### Литература:

1. <http://www.buh.kz>
2. <http://www.minfin.gov.kz>

### **АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ: ХҚЕС (7) ЕСЕП БЕРУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

*Мырзағали Ж., Сапарбаева С.С.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ, Қазақстан Республикасы

E-mail: 1505794729@qq.com

Тезистерде ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерді дайындау реттелетін нормативті құжаттарға талдау жасалған, есептің негізгі терминдері мен оны құрастыру ерекшеліктеріне анықтама берілген. ХҚЕС және ҰҚЕС бойынша есептер салыстырылған, ортақ белгілері мен айырмашылықтары анықталған.

Аталған тақырыптың өзектілігі. ҚР бүгінгі таңда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын енгізу жолымен заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіру саясаты жүргізіліп отыр, алайда бұл кезең біршама ұзақ болып табылады және әлі толық аяқталған жоқ. Халықаралық стандарттарға жақындастыру мақсатында Бухгалтерлік есептің ұлттық ережесі (стандарт) 1 «Қаржылық есептілікке қойылатын жалпы талаптар» бекітілген, ол 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС ұстанымдарына негізделеді, қаржылық ережелерінің тұжырымдамалық негіздерінің жаңа басылымына сәйкес бекітілген [1].

Есепті кезең ішінде операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарының түсімі мен жылыстауы көрсетілетін қаржылық есептілікті Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп деп атайды, оның мұндай анықтамасы ХҚЕС 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте» ақша қаражаттары баламасы ұғымдарын ескеріп берілген [2].

«Ақша қаражаттары баламалары» ұғымына қатысты олардың стандарттардағы мағыналары ұқсас болып келеді – қысқа мерзімді, өтемпаздығы жоғары ақша қаражаттарының белгілі сомаларына оңай айырбасталатын инвестициялар, оларға құнының өзгеруінің болмашы тәуекелі тән болады. Ақша қаражаттары баламасына мысал жол чектері, өтемпаздығы жоғары (3 айға дейін) құнды қағаздар, күн сайын қаражат салу және алу мүмкіндігі бар депозиттік салымдар жатызылады. Ақша мен оның баламаларының түсуі мен жылыстауы ақша қаражаттарының қозғалысы ретінде, ал 6 ХҚЕС 7 – ақша ағымы ретінде анықталады.

ХҚЕС 7 Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті әзірлеу, ақпаратты ашу бойынша ортақ белгілер:

1) Қаржылық есептілік формаларын толтыру бойынша әдістемелік нұсқаулардың 4.1. т. сәйкес Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дайындаудың мақсаты пайдаланушыларға кәсіпорынның есепті кезеңдегі ақша қаражаттары мен оның баламаларының өзгерістері туралы толық, анық және күн ілгері кесіп-пішілмеген қаржылық есептілікті ұсыну болып табылады. ХҚЕС 7 бұдан басқа пайдаланушыларға кәсіпорынның ақша қаражаттары мен олардың баламаларын генерациялау қабілетін және кәсіпорынның аталмыш ақша қаражаттарын пайдалану қажеттіліктерін бағалау негізі ретінде қаржылық есептілікті ұсынуға баса назар аударылады. ХҚЕС 7 бөліп көрсеткен қаржылық есептілікке қайшы келмейтін, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп дайындаудың мақсаттылығын көрсететін тағы екі фактор бар:

а) әр түрлі кәсіпорындар қызметінің нәтижелері туралы есептіліктің бітімділігі;

б) өткен кезеңдердегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат көп жағдайда болашақтағы ақша қаражаттары қозғалысының сомасы, кезеңі және анықталғандығы көрсеткіші ретінде пайдаланылады.

2) Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп белгілі кезең ішінде операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен келетін ақша ағымдарын шектейді, бұл келесі ақпараттарды алу қажеттілігімен байланысты болады:

- қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қызметтің осы түрлерінің кәсіпорынның қаржылық жағдайына және оның ақша қаражаттары мен оның баламаларының сомасына ықпалын бағалау мен қадағалауға мүмкіндік берген;

- жоғарыда аталған қызмет түрлерінің өзара байланысын бағалау және аталмыш өзара байланыс дәрежесі туралы қорытынды қалыптастыру үшін пайдаланылған.

Құрылымдық тұрғыда Есеп үш бөлімнен құралады, мұнда қызмет түрлері бойынша жекелей ақша қаражаттарының түсімі мен жылыстауы көрсетіледі.

Бірінші бөлімде операциялық қызмет нәтижесіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы көрсетіледі, ХҚЕС сәйкес ол кәсіпорынның негізгі қызметі болып табылады, сонымен қатар инвестициялық немесе қаржылық қызмет болып табылмайтын басқа да қызмет түрлері қарастырылады; ал ХҚЕС 7 б т. бұл кәсіпорынның кіріс әкелетін негізгі қызмет түрі болып табылады деп нақтыланады.

Қаржылық есептілікті толтыру бойынша әдістемелік нұсқауларда ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті сәйкес есеп формасын қолданып, тікелей немесе жанама әдістермен құрастыру қарастырылған.

ХҚЕС 7 сәйкес кәсіпорын операциялық қызметтен түсетін ақша ағымы туралы есеп бергенде Есепті құрастырудың келесідей әдістерін таңдай алады:

1) тікелей, оған сәйкес жалпы ақша түсімінің негізгі түрлері немесе жалпы ақша қаражаттары туралы ақпарат ашылады;

2) жанама, оған сәйкес кіріс немесе шығыс қаржылық емес сипаттағы операцияның ықпалына сәйкес үйлестіріледі, өткен және келешек түсімдерді немесе операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының төлемдерінің кез келген шегерістері, сондай-ақ, инвестициялық немесе қаржылық қызметтің ақша ағымдарымен байланысты кірістер немесе шығыстар баптарына сай көрсетіледі (ХҚЕС 7,18 т. сәйкес).

Шаруашылық жүргізу субъектілері болашақ ақша ағымдарын бағалау үшін ақпарат беретін тікелей әдісті қолдануды жөн санайды (ХҚЕС 7, 19 т.).

Екінші бөлімде инвестициялық қызмет нәтижесіндегі қаражат қозғалысы туралы ақпарат беріледі, ол ХҚЕС сәйкес айналымнан тыс активтерді және қаржылық инвестицияларды сатып алумен және сатумен сипатталады, олар ақша қаражаттары баламаларының құрамдас бөлігі болып табылмайды.

Сонымен қатар, ХҚЕС 7, 6 т. инвестициялық қызмет ақша қаражаттарының баламалары болып табылмайтын ұзақ мерзімді активтер мен басқа да инвестицияларды сатып алу мен сату ретінде анықталады. Сонымен, ХҚЕС 7 инвестициялық қызметтің құрамына ақша баламалары түрінде болмайтын инвестицияларды қосуды қарастырмайды.

Инвестицияларды ақша қаражаттары баламасы ретінде анықтау мүмкін болуы үшін

ол ақша қаражаттарының белгілі сомасына айырбасталып, баға өзгеруінің аз ғана тәуекелімен сипатталуы керек (сондай-ақ, ХҚЕС 7, 15 т.). Қысқа мерзімді сипаттағы қаржы инвестициялары ХҚЕС айырмашылығы ХҚЕС 7 операциялық (ағымдағы) қызмет құрамына жатқызылуы мүмкін.

Үшінші бөлімде қаржылық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат беріледі, бұл қызмет кәсіпорынның меншік және несиесі капиталдарының мөлшері мен құрамының өзгерісіне алып келеді (ХҚЕС 7, 6 т.). Банк ссудалары негізінен қаржылық қызметке жатқызылады, алайда талап ету бойынша өтелетін банктік овердрафтар шаруашылық жүргізу кәсіпорнының ақша қаражаттарын басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады және операциялық қызмет түрінде болады (ХҚЕС 7, 8 т.).

ХҚЕС 7 банктік овердрафтар операциялық қызмет құрамына ұсынылуы мүмкін. ҰҚЕС сәйкес банк несиесі бола отырып овердрафтар ресми түрде қаржылық қызмет бойынша ақша ағымдағы құрамына қосылады.

3) ақшалық емес операциялар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке енгізілмейді, себебі кәсіпорын активі мен капиталының мөлшеріне әсер ететіндігіне қарамастан есепті кезең ішінде ақша қаражаттарының қозғалысына жатқызылмайды (бартерлік операциялар тауарлармен және қызметтермен ақшасыз алмасу ретінде, жарғылық капиталды шығару және құнды қағаздар ретінде акциялар шығару, айналымдық емес активтерді қаржылық жалға алу келісім-шарттарына сәйкес алу).

4) бір операцияға әр түрлі қызмет түрлерінің ақша қаражаттары қозғалысын жатқызуға болады.

5) ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дайындау үшін келесі ақпарат қажет: есепті және алдыңғы жылдағы баланс (ҰҚЕС бойынша «ҚР қаржылық есептілікке қойылатын негізгі талаптар, ХҚЕС 1 сәйкес «Қаржылық есептілікті ұсыну» - халықаралық тәжірибеде ағымдағы жылдағы қаржылық нәтижелер туралы есеп»; (ҰҚЕС бойынша «Қаржылық нәтижелер туралы (Жиынтық кіріс туралы)» - ҚР, Кірістер мен шығыстар туралы есеп (ХҚЕС сәйкес бірінші халықаралық тәжірибе); ақша қаражаттары мен олардың баламаларының кірісі мен шығысы бойынша кейбір операциялар туралы қосымша ақпарат (Негізгі кітап).

6) ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дайындаудың соңғы кезеңі есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының таза қозғалысы бабы бойынша ақшалай кірістер мен шығыстар сомасы арасындағы айырмашылыққа тең операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесіндегі ақша қаражаттарының таза қозғалысы туралы жеке берілген ақпаратты, есепті кезең басындағы және соңындағы ақша қаражаттары қалдығы айырмашылығы турады ақпаратты алу болып табылады.

7) Инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы бөлімдерін құрастыру барысында ақша қаражаттарының түсімі мен жылыстауын жеке көрсету талап етіледі. ҰҚЕС және ХҚЕС 7 Ақша қаражаттары туралы есеп формасы бойынша ерекше белгілері:

1. ХҚЕС 7 сәйкес жоғарыда аталған қызметтер нәтижесінде туындаған ақша ағымдарының өзара есебі мүмкін болатын екі жағдай бар:

а) ақша ағымдарының тұтынушылар тапсыруы бойынша түсуі және жылыстауы, бұл жағдайда ақша қаражаттарының қозғалысы кәсіпорынның қызметін емес тұтынушының қызметін көрсетеді;

б) ақша қаражаттарының айналым жылдам болып табылатын баптар бойынша түсуі және жылыстауы, бұл жағдайда сома үлкен, ал өтеу мерзімі қысқа болады.

2. ХҚЕС 7 қолдану ауқымы отандық ҰҚЕС салыстырғанда кеңірек болады (барлық кәсіпорындарға және қаржылық мекемелерге қатысты болады), ол банктер мен бюджеттік мекемелерден басқа барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты болады. Бұдан басқа, ХҚЕС 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» ХҰЕС 31 «Бірлескен кәсіпорындардағы үлестер туралы қаржылық есептілікпен» бірге бірлескен немесе ассоциациялы, еншілес кәсіпорындардың холдингтік

ұйымдары болатын кәсіпорындарда үлесі бар инвестордың ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дайындауды, оның құрылымын және ұсынуды реттейді. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті құрастырудың ерекшеліктері Украинада жеке ережемен (стандарт) анықталады (ҰҚЕС «шоғырландырылған қаржылық есептілік»);

3. ҰҚЕС бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің стандартты бірыңғай формасы және ақпарат маңызды болған жағдайда жолдар қосу мен алып тастау мүмкіндігі болады. Халықаралық стандарттармен есеп формасы реттелмеген, алайда операциялық, қаржылық және инвестициялық ақша ағымдарына жіктеледі.

4. ҰҚЕС 11 т. сәйкес қаржылық есептілік ескертулерінде келесі ақпараттар көрсетіледі:

- ақша қаражаттарының құрамы;
- ақша ағымдарының бірнеше түрлерін біріктіретін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің «Басқа да түсімдер», «Басқа төлемдер» секілді есеп баптарының құрамы;
- кәсіпорында бар және кәсіпорын тиісті болатын топтың пайдалануына қол жетімсіз ақша қаражаттарының біршама сомасының болуы.

Жоғарыда аталған қаржылық есептілік ескертулерінде көрсетілетін бөлімдерден басқа ХҚЕС 7 жеке бірқатар баптарды көрсетуді ұсынады:

- экстраординарлы баптар – кәсіпорынның күнделікті қызметінен айқын ажыратылатын оқиғалар салдарынан туындайтын кірістер немесе шығыстар, олар жиі немесе тұрақты түрде қайталанбайды;

- алынған және төленген пайыздар мен дивидендтер;
- кіріс салығынан туындайтын ақша қаражаттарының қозғалысы;
- еншілес кәсіпорындарды немесе басқа да шаруашылық жүргізу бірліктерін сату немесе сатып алу нәтижесінде туындайтын ақша қаражаттарының жиынтық қозғалысы (ҰҚЕС қаржылық есептілік ескертулерінде еншілес кәсіпорындарды сату немесе сатып алудың қаржылық жағдайына (күніне), есепті кезеңнің қаржылық нәтижелеріне және өткен кезеңдердегі осы көрсеткіштерге әсерін қарастырады).

5. ХҚЕС 7, 22 т. сәйкес операциялық, инвестициялық немесе қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын ақша қаражаттары қозғалысының көрсеткіштері нетто-әдіс бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте ұсынылуы мүмкін, ол келесілерді қарастырады:

1) ақша қаражаттарының тұтынушылардың тапсыруы бойынша түсуі және төленуі, бұл жағдайда ақша ағымдары кәсіпорын қызметін емес тұтынушы қызметін көрсетеді;

2) ақша қаражаттарының айналым жылдам, сома үлкен, ал өтеу мерзімі қысқа болатын баптар бойынша түсуі және төленуі.

ҰҚЕС ХҚЕС 7 айырмашылығы мұнда нетто-әдісті қолдану қарастырылмаған.

6. ХҚЕС 7, 50 т. сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен туындайтын ақша ағымдарының сомасы туралы әрбір көрсетілген сала немесе географиялық сегментте қосымша ақпарат беру ұсынылады. Кірістер, шығыстар, қаржылық нәтижелер, активтер мен есепті сегменттер міндеттемелері туралы ақпаратты қалыптастырудың әдістемелік негіздері мен оларды қаржылық есептілікте көрсетуді ҰҚЕС анықтайды.

Сонымен, айтылғандарды қорытындылай келе, біз бүгінгі таңда ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қалыптастырудың әдістемелік негіздерін жетілдіру және оны үйлестіру жалғасын табуда деп айта аламыз және бұл құрастыру әдісін таңдауға қатысты балама құқығы қалған жалғыз есеп түрі екенін айта кету керек.

Ұлттық және халықаралық стандарттар бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті қалыптастырудың ортақ белгілері мен негізгі айырмашылықтарын анықтау арқылы кейбір ұстанымдық мәселелердегі ұқсастық (мақсат, ақша ағымдарын қызмет түрлері бойынша шектеу) және белгілі аспектілер бойынша айырмашылық (қолдану саласы, операциялық қызмет нәтижесіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілік

әдістемесі) отандық кәсіпорындардың ХҚЕС 7 ережелерін шетелдік инвесторларға ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру үшін ғана емес (қажеттілік ретінде), ішкі басқарушылық қажеттіліктері үшін де (ақша қаражаттарын басқару құралы ретінде) пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің "Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 8 ақпанда № 8328 тіркелді.

2. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы (01.01.2015 ж. өзгертулер мен толықтырулар).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2008-2009 жылдары ХҚЕС-на енгізілген негізгі өзгерістердің қысқаша шолуы 2009 жылғы 19 мамырдағы № 24410/493.

### ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОГО АУДИТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Шевцова Т.А., Серикова М.А.*

Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: shevtsova94@list.ru

Инновации - это двигатель прогресса, без них невозможен переход национальной экономики страны на более высокую, эффективную ступень развития. Тема инноваций и инновационной деятельности, безусловно, является актуальной. Доказательством этого является то, что в Казахстане последние несколько лет интерес к инновациям существенно вырос - даже на уровне правительства стали приниматься меры по стимулированию инновационной деятельности. Зачастую под инновацией понимается создание и использование новых технологических идей, однако существует и другая сторона инновационной деятельности - организационная. Нововведения могут с успехом применяться не только в производстве продукции, но и в организации бизнеса с целью повышения его эффективности.

Инновационный аудит- это системная оценка показателей развития организации в области разработок и коммерциализации новшеств, а также определение внутренних и внешних барьеров на их пути [1].

Инновационный аудит включает оценку инновационных возможностей инноватора: инновационного потенциала, инновационной среды, инновационной позиции и инновационной активности предприятия. Стоит отметить, что на современном этапе, аудит инновационной деятельности – это новшество на отечественном рынке, который сейчас активно развивается, на смену классическим видам аудита (контроль, оценка и подтверждение соответствий финансовой отчетности) приходят новые услуги.

Основными принципами инновационного аудита являются:

- достоверность информации, используемой для проведения инновационного аудита;
- независимость и объективность в формировании выводов и составлении аудиторских заключений;
- периодичность проведения проверок;
- полнота проверки всех направлений инновационной деятельности.

Процедуры инновационного аудита могут быть различными по глубине и широте охвата исследуемых процессов. Как правило, предприятие само выбирает какие сферы и в каком объеме подвергнуть анализу. Возможны варианты, при которых консультант, проводящий аудит, предлагает предприятию исследования того или иного объема показателей. Таким образом, фирма в зависимости от ситуации и собственных возможностей